

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
«АЛМАТЫ ТЕХНИКА-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАС ЖОЛДАРЫ КОЛЛЕДЖЫ»



«Алматы техника-экономикалық қатынас жолдары колледжі» ЖШС
2021-2022 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл жоспары

Алматы техника-экономикалық қатынас жолдары колледжінің 2021-2022 жылдарға арналған Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары

Мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың мақсаты колледжде сыбайлас жемқорлықты болдырмау және жою болжып табылады

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мақсатына қол жеткізу мынадай:

- 1) колледж қызметкерлері мен оқушылары бойында сыбайлас жемқорлыққа «мұлдем төзбеушілік» ахуалын қалыптастыру;
- 2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін жағдайлар мен себептерді анықтау және олардың салдарларын жою;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің өзара іс-қимылын нығайту;
- 4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі ынтымақтастықты дамыту;
- 5) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, жою міндеттерін шешу арқылы іске асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қағидаттары:

- 1) заңдылық
- 2) қызметкерлер мен оқушылардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мудделерін қорғау басымдығы;
- 3) жариялыштық пен ашықтық
- 4) колледж әкімшілігінің, қызметкерлері мен оқушыларының өзара іс-қимыл жасауы;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану;
- 6) сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану;
- 7) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды көтермелейу;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартастығы.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларының колледжішілік жүйесі:

- 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті;
- 2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдауды;
- 3) сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруды;
- 4) сараптама, анкета жүргізу арқылы сыбайлас жемқорлық сипаты бар әрекеті анықтауды;
- 5) сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды жүзеге асыру және сақтауды;
- 6) әкімшілік-құқықтық, қаржылық бақылауды күшету;
- 7) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды;
- 8) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлауды;
- 9) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың салдарларын жоюды;
- 10) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы колледжішілік баяндаманы қалыптастыруды және педагогикалық кеңесте жариялауды қамтиды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг – колледждегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың тиімділігіне, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасының жай-күйіне, сондай-ақ колледж қызметкерлері мен оқушыларының сыбайлас жемқорлық деңгейін қабылдауы мен бағалаудың қатысты ақпаратты жинау, өндөу, жинақтап-қорыту, талдау және бағалау жөніндегі қызметі.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы құқық қолдану практикасын бағалау болып табылады.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің дереккөздері – құқықтық статистика мен жеке (қызметкерлердің, студенттердің) және заңды тұлғалардың өтініштері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың мәліметтері, әлеуметтік сұрау жүргізу деректері (сауалнама) мен бұқаралық ақпарат құралдарындағы жарияланымдар, сондай-ақ заңмен тыйым салынбаған өзге де ақпарат көздері болып табылады.
4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингтің нәтижелері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған шараларды жетілдіру үшін негіз болып табылуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау - сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру-колледждің өз қызметкерлері мен студенттері бойында сыбайлас жемқорлыққа тәзбеушілікті көрсететін құндылықтар жүйесін қалыптастыру, сақтау және нығайту бойынша өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын қызметі.
2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады.
3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру – тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі.
4. Ақпараттық және ұйымдастырушылық қызмет - колледждеге түсіндіру жұмыстарын жүргізу (түсіндіру, әлеуметтік желілер, кездесу, брашюралар шыгару), әлеуметтік маңызды іс-шараларды ұйымдастыру арқылы іске асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимылдар бойынша колледждің әрбір қызметкерлері және студенттерінің міндеттері

1. Қызметкерлер

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға;
- Сыбайлас жемқорлықтың кез-келген көрністеріне тәбеушілік жағдайын жасау және қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша ынтымақтастық туралы ашық келісім жасауға;
- Колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын орындауға;
- өз дәрежесінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асыру, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдауға;
- Колледж студенттерінен және студенттердің ата-аналарынан ақша қаражаттарын жинауға, бағалы сыйлықтар беруге жол бермеу жағдайлары бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізуге;

- өз бойында сыйбайлас жемқорлықтың кез-келген көрністеріне төбеушілік жағдайын және жоғары дәрежедегі құқықтық саға мен мәдениетті қалыптастыруға
- Студенттің білімін жүйелі түрде, әділетті бағалауды қамтамасыз етуге міндетті.

2. Студенттер

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға;
- мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын іске асыруға белсене қатысуға;
- студенттер арасында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған сауалнамага, «таза сессия» акциясына белене қатысуға
- өз бойында сыйбайлас жемқорлықтың кез-келген көрністеріне төбеушілік жағдайын және жоғары дәрежедегі құқықтық сана мен мәдениетті қалыптастыруға міндетті;:

Алматы техника-экономикалық қатынас жолдары колледжінің 2021-2022 жылдарға арналған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» жоспары

№	Іс-шаралар	Аяқталу түрі	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауаптылар
1.	Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиасын іске асыру және көлеңкелі экономикаға қарсы іс-қимыл жөніндегі 2021-2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарын іске асырыптылып, орындалуына бақылауды қамтамасыз ету	Шешім, бұйрық	Тұрақты	Директор
2.	Колледждің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл, мониторинг жұмысының нәтижесін жинақтау, ынтымақтастық орнату. Мемлекеттік органдарға уақытылы ақпарат беріп отыру. Кездесулер үйымдастыру, бейнероликтер көрстү, парақшалар тарату, сауалнама алу	Ақпарат	Айна бір рет Қорытынды ақпарат. Мемлекеттік органдарға сұаулары бойынша	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
3.	Еңбек тәртібінің, жұмыс кестесінің орындалуына қамтамасыз ету. Колледждің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелерін өз жұмыс жоспарларына енгізу, оның орындалуына және өзіне бағынысты қызметкерлердің іс-эркеттеріне жауапты болу	Жоспар, ақпарат, мәлімдеме	Тұрақты	Директордың орынбасарлары Бөлім менгерушілер Оқу бөлімінің менгерушісі Барлық бөлімше басшылары
4.	Колледждің, бөлімнің оқу, тәрбие жұмысының жоспарларына сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бағыттарын енгізу және оны орындау	Жоспар	Тұрақты, семестр соңында қорытынды ақпарат	Директордың орынбасарлары Бөлім менгерушілер Топ жетекшілері
5.	Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама мәселелері бойынша кенестер еткізуді қамтамасыз ету	Есеп, талдау	Айна бір рет	Директордың орынбасарлары Бөлім менгерушілер
6.	Тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік сатып алу бойынша конкурстар жүргізу кезінде заңнаманы сақтауды қамтамасыз ету	Ақпарат	Қажеттілігіне сәйкес	Мемлекеттік сатып алу комиссиясы Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бас есепші

	Студенттер арасында сауалнама алуды ұйымдастыру; (анонимдік түрде)	Сауалнама	Айна бір рет	Студенттік кеңес Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жастар комитетінің басшысы
8.	Студенттер арасында «таза сессия» акциясын ұйымдастыру	Акция	Тұрақты Қорытынды ақпарат, семестр соны	Студенттік кеңес Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Оқу бөлімі Бөлім менгерушісі
9.	Оқу журналының жүргізуіне бақылау <ul style="list-style-type: none">- оқу журналының жүргізуі, баға қоюдың жүйелілігі, бағаның дұрыс қойылуы, түзетілмеуі- ай сайынға оқушылардың баға коры- журналдың жоспарға сай толтырылуы, мемлекеттік стандарттың орындалуы- оқушылардың сабакқа қатысуы- оқушылар туралы жалпы мағұлмат параграфы- журналдың тексерілуі, ескерту бойынша жүргізілген жұмыстар	Оқу журналдарын тексеру туралы жазбалар, кемшіліктер туралы мәлімдемелер, бағалар есептер	Алтасына бір рет, Айна бір рет, Жылына бір рет	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары, оқу бөлімі, бөлім менгерушілері, топ жетекшілері
10.	Мемлекеттік сатып алуулар отырыстарын жүргізу барысында бейне бақылау жүйесін енгізу арқылы мемлекеттік сатып алу рәсімін жүргізудің ашықтығын арттыру	Ақпарат	Қажеттілігіне сәйкес	Мемлекеттік сатып алу комиссиясы Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары Бас есепші
11.	Жұмысқа қабылдау кезінде заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету	Жеке істер	Қажеттілігіне сәйкес	Директордың орынбасарлары
12.	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асыру, оның інтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдау	Ақпарат	Тұрақты	Директордың орынбасарлары Бөлім менгерушілер Бөлімше басшылары Оқу бөлімі
13.	Қазақстан Республикасының «Жеке және заңды тұлғалардың өтінштерін қарастыру туралы» және «Сыбайлас жемқорлықта қарсы күрес туралы» Заңдардың негізгі жағдайларын түсіндіру бойынша колледж қызыметкерлері және студенттері үшін құқықтық білім беру жұмыстарын ұйымдастыру	Дәрістер, семинарлар, дөңгелек үтедер, Ақпарат	Тұрақты	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары

				Бөлім менгерушілер
14.	Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған жағымсыз материалдарға мониторинг жүргізу	Ақпарат	Тұрақты	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
15.	Айқындылық пен ашықтықты қамтамасыз ету үшін коледж директорының қабылдаған шешімдерімен жұртшылықты ақпараттандыру: - тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алуға конкурстар жүргізу туралы және қызметкерлерінің бос лауазымына конкурстар туралы веб-сайтта, БАҚ-ында хабарландыру орналастыру арқылы; -БАҚ-мен баспасөз-конференциялар, брифингтер және форумдар өткізу арқылы.	Ақпарат	Тұрақты	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Бөлім менгерушілер Топ жетекшілері
16.	Коледж студенттерінен, оқытушылардан және студенттердің ата-аналарынан ақша қаржаттарын жинауға, бағалы сыйлықтар беруге жол бермеу жағдайлары бойынша жүйелі түрде жұмыстар жүргізу	Хаттама	Жыл бойы	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Директордың оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары Бөлім менгерушілер Топ жетекшілері
17.	Оқу бағдарламаларына енгізе отырып коледжде сыйбайлас жемқорлық көріністеріне «мұлдем төзбеушілік» қағидасын қалыптастыруға бағытталған мемлекеттің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының негізгі бағыттарын түсіндіру жөніндегі деректі, көркем фильмдерді, арнайы дыбыс, бейнероликтерді көрсетуді қамтамасыз ету	Хаттама	Жыл бойы	Директордың орынбасарлары Бөлім менгерушілер Оқу –акпараттық бөлім
18.	“Нұр Отан” партиясының аумақтық филиалдарымен, студенттік кеңеспен, «Жас Отан», Жастар үйымдарымен бірігіп, коледжде сыйбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу бойынша жұмыстың дұрыс қойылуына конкурстар, сондай-ақ форумдар мен акциялар, жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған өзге де шараларды үйымдастыру	Ақпарат	Жыл бойы	Директордың орынбасарлары Бөлім менгерушілер Суденттік кеңес, Жастар үйымдары
19.	Қызметкерлер мен студенттердің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы құқықтық ақпаратқа барынша қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында коледждің интернет-ресурстарында «Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері» атты жеке бөлімдер ашу	Сайттар туралы ақпарат	Жыл бойы	Директордың орынбасарлары Оқу бөлімі

	Азаматтардың өтініштерін қабылдау үшін колледже сенім телефондарының кідіріссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету. «Сенім жәшігі» арқылы ақпарат жинақтау	Ақпарат	Жыл бойы	Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары
21.	Барлық оқытушылардың, бөлім менгерушілердің, қызметкерлердің рейтингін дайындау;	Рейтинг мониторинг	Семестр сайын қорытынды	Директордың орынбасарлары Бөлім менгерушілер Оқу бөлімі

Ексерту: Барлық жауапты қызметкерлер көрсетілген мерзімдерде директорға ақпарат беруге міндетті, жалпы ақпараттар педагогикалық кеңесте қаралады.

Дайындаған директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Н.К. Аубакирова., А.А. Өмірғазынов